## Сабаққа өзіндік талдау

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бөлім | Қысқаша көбейту формулалары | | | | |
| Педагогтың аты-жөні | *Айткожина Айнур Махметовна* | | | | |
| Күні | 26.01.2024 | | | | |
| Сынып: 7А | Қатысқандар саны: | | Қатыспағандар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | *Екі өрнектің қосындысының кубы мен айырмының кубы формулалары* | | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 7.2.1.11 $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; | | | | |
| Сабақтың мақсаты | Барлығы: қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолданады;<br>Көпшілігі: қысқаша көбейту формулаларын алгебралық өрнектерді ықшамдау кезінде қолдана алады;<br>Кейбіреуі: қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді көбейткіштерге жіктеу кезінде қолдана алады; | | | | |
| Мақсат қою | Сабақтың мақсаты және оған қол жеткізу дәрежесі қалай анықталған? | | *Сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижелер оқушылармен бірлесе отырып анықталды* | | |
| Сабақтың құрылымы мен ұйымдастырылуы | Сақталуы | | | | |
| | Сабақ жоспарының орындалуы | Сабақ кезеңдерінің реттілігі | Сабақ кезеңдерінің арасындағы уақыт шектеулері | Оқыту формаларын таңдаудың ұтымдылығы | Этикалық адамгершілік нормалары |
| | *Сабақтың жоспарын ұстануға тырысты* | *Сабақтың кезеңдері жоспарланған реттілікте сақталды* | *Кейбір топтың оқушылары топта талдау кезінде уақыт шектеуіне сай жұмыс жасай алмады (белгіленген уақыттан көп болды), сондықтан да топтарда өз жауабын түсіндіру барысында абдырап қалды, тек сабақты бекіту кезеңінде ғана ойларын жинақтай алды.* | *Ұжымдық, жұптық, топтық және жеке жұмыс түрлерін үйлестіре отырып, уақыт шектеулеріне сәйкес келуге тырысты, алайда оқушылардың мүмкіндіктерін есепке алмады. Тапсырмалар өте жылдам қарқынмен орындалды, төмен деңгейлі оқушылар уақыт шектеуіне сай жұмыс жачсай алмай қалды.* | *Этикалық адамгершілік нормалары сақталды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сабақтың мазмұны | Сабақ мазмұнының МЖМББС (ГОСО) талаптарына сәйкестігі | *Сабақтың ҚМЖ-ы №130 бұйрыққа сәйкес құрылған* | | | |
| | «Қатесін табыңыз» стратегиясын енгізу | | | | |
| | Сабақтың қай кезеңінде жүзеге асырылды? | Оқушылар процеске қатысты ма? | Стратегия оқушыларға қалай көмектесті? | Қандай қиындықтар болды? | |
| | *Сабақтың басында, ауызша сауалнамадан кейін* | *Оқушылардың 47%-ы барлық қателерді тапты. 27% оқушылар формулаларды шатастырды. Оқушылардың 26%-ы жауаптарына сенімсіз болды* | *Оқушылар тек тапсырмалардағы қателерді тауып қана қоймай, ол қателердің не себептен жіберілгенін және келесі жұмыстарда не нәрсеге көңіл аудару керектігін ауызша айтып берді* | *Топпен жұмыста талдауға оқушылардың бәрі бірдей қатысқан жоқ, келесі сабақтарда мұндай қателікті болдырмауға тырысу керек, алайда барлығы назар салып тыңдады* | |
| | Сабақтың әр кезеңінде іс-әрекетті ұйымдастыру | | | | |
| | Тапсырмалардың оқыту мақсатына сәйкестігі | Тапсырмалардың жас ерекшелігіне сәйкестігі | Іс-әрекет түрінің ауысуы | Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі | Бағалау |
| | *Тапсырмалар оқу мақсатына сай келеді* | *Тапсырмалар жас ерекшелігіне сай келеді* | *Іс-әрекет түрі жылдам ауысты, оқушылардың кейбіреуіне сәйкес келмеді* | *Ұжымдық жұмыста «мұғалім» - «оқушы» диалогы болды. Жұптық және топтық жұмыста «оқушы» - «оқушы» өзара әрекеттесуі болды* | *Оқушылар өздерінің мүмкіндік деңгейлерін бағалау үшін әр тапсырманың мақсатына жету критерийлерін бірлесе талқылады* |
| Оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейі | Оқушылардың сабаққа қатысуы | *«Қызыл топтың» оқушыларынан басқаларының барлығы белсенді қатысты* | | | |
| | Орындалған тапсырмалардың көлемі | *Жылдам қарқынмен жұмыс жасағандықтан, сабақтың барлық кезеңдері орындалды, тек рефлексияны оқушылар қоңырауда жазды* | | | |
| | Жіберілген қателердің көлемі | *Оқушылардың 47%-ы 5-тен көп қате жіберді* | | | |
| Ұсыныстар | Келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару керек | *Тапсырманың шешімін топта талқылауға және критерийлер бойынша өара бағалауға көбірек мүмкіндік беру үшін сабақтың кезеңдерін қысқарту қажет* | | | |